

егемен  
Қазақстан

# Жұлдызнама

Бекасыл әулие және оның шөбересі Ержан Исақұлов жөнінде үзік сыр



Үлкенге – іні, кішіге аға бола білген, Отанына кең танылған қайраткер, асыл азамат Ержан Бекбауұлы Исақұловты бұрын сырттай білуші едім. Бізді таныстырған да, табыстырған да Астана болды.

Екі мыңыншы жылы Елбасының пәрменімен Алматыдан Астанаға Еуразия университетінің ректоры болып қызметке ауыстым. Бір күні кабинетке әскери киімі жарасқан, жүзінен мейірім төгілген байсалды жас генерал кіріп келіп:

– Қызметіңіз құтты болсын, көке, мен Ержан Исақұлов деген ініңіз боламын, – деп сәлемдесті.

Жақсы кісінің үйіріп алатын әдеті емес пе, содан бері ағалы-інілі болып ара ласып келеміз. Оның қауіпсіздік сала сындағы қызметі біздің бауырластық сый лас - тығымызға кедергі болған жоқ. Туған інімдей болып кетті. Бәрі де адамның өзіне байланысты ғой, Ержан үлкеннің орнын бағалай білетін, ағаны сыйлай білетін жігіт. Қазақта текті деген жақсы сөз бар, Ержан – ұлы Төле бидің ұрпағы, Сахара ғұла ма сы атанған Бекасылдай текті әулиенің шөбересі.

Біз Ержанмен жиі кездесіп жүрдік. Екі мың бірінші жылдан бастап ұлы бабасы Бекасыл Биболатұлы туралы, ол кісіден қалған асыл мұра – құнды қолжазбаны көптен бері іздеп жүргені жайында айта бастады. Ел ішінде ғұлама жайындағы әңгімелерді жинап, демалысын сол қолжазбаны іздеуге арнады. «Іздеген жетер мұратқа» дегендей, бір күні ақ матаға ораған көлемді араб қарпімен әдемі жазылған қолжазбаны маған алып келіп:

– Көке, іздеген асылымды таптым, мұ ратыма жеттім. Бұл қолжазбаның ендігі тағдырын сізге тапсырамын. Оқып, зерттеп, мүм кін болса кітап етіп бастыруымыз керек, кө шілікке жеткізуіміз керек, – деді.

Ержаннан қолжазбаны қайдан, қалай тапқанын сұрадым. Бекасыл әулие өмір бойы жазған «Жұлдызнама» деп аталатын ұлан-ғайыр еңбегін:

– Заманында мұның иесі келіп сұрайды, иесіне беріндер, соған дейін сақтаңдар, – деп шәкірті Қазанқап Байболұлына аманат етіп тапсырған екен. Қолжазба сол әулетте жүз бес жыл сақталып, 2003 жылы ғұламаның шөбересі Ержан Исақұловтың қолына Қазанқап ақынның баласы Оңғар жылап тұрып қимастықпен табыс етеді.

Құдайдай сеніп келген соң қолжазбаны біраз қарадым. Төте жазуды ептеп оқушы едім, мына қолжазбаға тісім батпады. Маман іздеуге кірістік. Білетіндердің айтуынша, қолжазба араб, парсы, түрік тілдерінде қалыптасқан шағатай тілінде жазылған болып шықты. Ініміз екеуіміз аудармашы іздей бастадық. Сөйтіп, Алматыда тұратын көне

қолжазбалардың маманы Мақсұт Шапиғи мен Сәрсенбі Дәуітұлының қолына тапсырдық. Олар көп қиналды. Көп ізденді. Ақыры бір жылдан соң қолжазбаның аудармасын қолымызға тапсырды. Қолжазбаны мұқият қарап, алғысөзін жазып, отыз жеті баспа табақ «Жұлдызнама» деген киелі кітапты 2005 жылы «Күлтегін» баспасынан бастырып шығардым. Қазақтың өз жақсысын өзінен қызғанатын әдеті емес пе, бұл тағы қайдан шыққан ғұлама деп, жұрт күмәнданбасын деп қолжазбаның факсимилесін қоса жарияладым. Сөйтіп, қазақ тарихында бұрын-соңды жарық көрмеген аса құнды да терең, таңғажайып кітап дүниеге келді. Ғұламаның бұл еңбегі Ержан екеумізді бір кісінің баласындай етіп бұрынғыдан да жақындастырып жіберді.

Қалың қазақтан сүйінші сұрап, Астанада «Жұлдызнаманың» тұсаукесерін өткіздік. Ол жиынға еліміздің тарих, әдебиет, тіл, теология, медицина, философия, этнография, математика саласындағы ең көрнекті ғалымдары түгел қатысты. Тұсаукесердің аяғы конференцияға ұласты. Оның материалдары жеке кітап болып жарияланды.

Сөйтіп, таңғажайыптарға толы қасиетті де киелі «Жұлдызнама» отандық ғылымдағы айтарлықтай аса ірі жаңалықтардың біріне айналды. Кезінде қолдан-қолға өткен, ХІХ ғасырдан бізге жеткен асыл көне қолжазба осылай қазақ халқының рухани мұрасына қосылды.

Сонымен, Бекасыл әулие кім? «Жұлдызнама» несімен қымбат, не жайында – енді осыған келейік.

Атақты жұлдызшы Бекасыл әулие – Адам (с.ғ.с.) Ата – Хауа Анадан бермен қарайғы тіршілік заңдылықтарын, әлем жаратылысын, тылсым табиғатты, Алланың атымен айтылатын баян-хикаяттарды, тарихи шежірелерді терең білген, ілім-білімді игерген, жұлдыздар сырын таныған, дұғалар құпиясын меңгерген (дұға қонған), қасиет дарыған ғұлама, сәуегей әрі көріпкел, жұлдызшы әрі шипагер. Ол небір ғажайыптардың тылсымын ашқан. Жаңбыр жаудырған, қар боратқан, дауыл тұрғызған. Осының бәрін ғұлама тек ғылымға, ілімбілімге сүйеніп жасаған. «Таурат», «Забур», «Інжіл», «Құран», «Нұрнама», «Қадахнама», «Дұға-и-Қадақ», «Махлұқатнама» тәрізді байырғының қасиетті кітаптарына, деректі тарихқа, нақты болмысқа, аңызға, өмірлік тәжірибеге сүйеніп жазған. Мұның өзі Бекасыл Биболатұлының өзіне дейінгі ғылымды толық меңгергендігінің, байлам жасап, болжай да алатын ғұлама болғандығының, көп оқығандығының, аса білімді кісі болғандығының куәсі.

Хақ жолынан айнымаған, өмір бойы пайғамбарымыздың ғибратты ғұмырын уағыздаумен өткен Бекасылдай бабаларымыздың атеизм дәуірінде алдының ор болғаны, жолының тар болғаны, шырағы жанбағаны мәлім. Содан да олар кезінде жарқырап жарыққа шыға алмады, халқына кең танылмады. Керісінше, саясат оларды халыққа құбыжық етіп көрсетті.

Бекасыл әулие дүниеден өтерінен аз бұрын бір сұмдықтың келе жатқанын сезіп, елді жинап **«Зұлмат заман келе жатыр, құл-құтан көтеріліп, ылғи жалаңаяқтар ел басқарып, қаныңды судай шашады. Жылан тақыр боласыңдар. Көмусіз адам көбейеді. Қыр ғын соғыс болады. Жесір көбейеді. Со ғыс та ұтасыңдар. Сөйтіп, көрер көзге жар қын, бірақ іштей іріп жатқан бір заман бас талады. Көлік төрт дөңгелекті темір болады. Аспан жол болады. Бір үй орыс, бір үй қазақ болып отырасыңдар. Олар жерлеріңді тартып алады. Көшіремін деп әуре болмаңдар, жетпіс жылдан соң өздері көшеді. Имандылық азаяды. Өнеге тозады, қасиет азады. Жастар ит ішпейтін су сынға құмар болады. Еркек үйшіл, әйел базар шыл болады. Қатын ел билейді, қыс қа етек ті көйлек киіп, есек тұяқты етік пен жү реді. Қатын жіберу етек алады, әйел еркекті сыйлаудан қалады. Тірі жетім кө бейеді. Бірақ осының бәріне ертелікеш Алла ның бір тыйымы болады»,** – деген екен.

Жарықтық сәуегейдің айтқаны дәл келді. Осының бәрін біз көзімізбен көріп, басымыздан кештік.

Осындай сұмдықтың келе жатқанын сезген Бекасыл баба алты қанат ақ үй толған кітаптарын екі түйеге теңдеп, таудың қуы - сына апарып тыққан екен. Өттең, сол асыл

қазынаның қайда екені әлі күнге белгісіз. Кітаптарды түйеге артып, тауға қарай кетіп бара жатқанын көрген де, қай ша маға апар ғанын білетін де, иесі өлген соң кітап ханасын іздеген де, кітап көмілген үңгір ге түсіп кеткен де кісілер болған, бірақ сол қазынаның әлі күнге қай жерде екені белгісіз.

Ержанның да кітапхананы тынбай іздеп, сұрау салып жүргеніне көп болды. Дерегі де жоқ емес. Құдай қаласа, түбінде оның да тылсымы ашылып, табылады деген үміттеміз.

Бекасыл әулие «Жұлдызнаманы» өзі өмір сүрген Қоғалыда, кезінде Есім ханның ордасы тұрған, бүгінгі Төле би ауданындағы Қасқасу, Сайрамсу, Қарасора дейтін үш өзеннің тоғысқан жерінде, табиғаты тұнып тұрған ғажайып өлкеде жазған. Бекасылдан тараған жүздеген отбасы бүгінде осында тұрады.

«Жұлдызнама» – аян, жұлдызнама, дұғалық, шипагерлік ілімдерге негізделген, риуаяттар мен аңыз-әңгімелерге, тіршілікке, өмірге, кәсіпкерлік өнерге қатысты толып жатқан әңгімелерге құрылған тағылымдық, танымдық, нанымдық, тәрбиелік мәні зор үш кітаптан және рисалардан тұратын энциклопедиялық мұра. Ғибратты ғажайып хикаялар кітабы адам өміріне пайдалы ақылкеңеске де толы.

«Жұлдызнаманың» толықтырылған екінші басылымына (2011, «Күлтегін» баспасы) білікті дінтанушы ғалым Абдолла қажы Жолдасұлы көп еңбек сіңірді. Көптеген дұғалар, тылсымдар ашылды, кейбір сөздер қайта түзетілді. Бұл кітаптың Қоғалыда (Оңтүстік Қазақстан облысы, Төле би ауданы) 1903 жылы аяқталғаны да анықталды.

Бекасыл Биболатұлы жастайынан жетім қалады, өзі құрбылас балалардан өзгеше болып өседі. Сайрамда ғұламалардан, даналардан оқып, терең білім алады. Мешіт, медресе салады. Елдің сауатын ашып, санасын оятады. Ағаш егіп, жерді көгертеді. Диканшылықпен айналысады. Төңірегіне игі жақсыларды жинап тәрбиелейді. Оларға болмыстың, табиғаттың тылсым құпияларын үйретеді. Кісілікке, парасаттылыққа, инабаттылыққа, адамгершілікке баулиды, сөйтіп, бірте-бірте өзі де елдің ақылманына, ілім-білім, өнеге университетіне айналады.

Бекасыл жас кезінде ақындығымен де танылады.

Жеткізбес дүние сағым қуғанменен,  
Би болмас белін жалпақ буғанменен.  
Байқасаң ажар басқа, ақыл басқа,  
Пайда жоқ құр әдемі тұрғанменен.

Жаманның бересі жоқ, аласы көп,  
Бітпейтін ашу-араз, таласы көп.  
Жауызды екі аяқты ұяласың,  
Айтуға бұл да адамның баласы деп.

Мына бір жолдарға назар салыңыз:  
Мен күн емеспін Жұрттың бәрін жылытар,  
Мен құл емеспін Ата-тегің ұмытар.

Ғұламадан қалған осы тектес ғибратты өлеңдер аз болмаған.

«Жұлдызнама» «Ажаиб әл-Ғарайб» (ғажайып хикаялар) «Жұлдызнама», «Пайғам барымыздың Хазіреті Әліге өсиеттерінен» деп аталатын кітаптардан тұрады. Автор бұл еңбекті жазу барысында өз уақытындағы ілімді, «Хаятул-хайуан», «Мұхит», «Манафиғи», «Қазихан» деп аталатын, сондай-ақ сол заманға белгілі-белгісіз көптеген әдебиетті, адамзат қалыптастырған өмір тәжірибесін пайдаланған. Қазақ оқығандары арасында бұл еңбектер кезінде кеңінен танымал болған. Кітапта ертеде ата-бабаларымыз кең қолданған, бүгінде кез келген қазақ түсіне бермейтін, келешекте сөздік қорымызды байытатын сөздер өте көп. Ол, әсіресе, табиғат тылсымдарына, шипагерлікке, өсімдік, жәндік атауларына байланысты мол кездеседі. Мәселен, біз бүгінде бірден түсіне бермейтін: «Құсқа таржи беру керек», «Құбайыл болады, үйрек сол кезде ұшады, анасынан ажырайды, жаз тоқсаны осымен аяқталады», «Жудиде аты жоқ құс шақырады. Ағаштар жапырағын төгіп, бұлан

осы айда қуысады», «Қаңтар дегеніміз, қыстың ортасы. 15-не аю айналады. Хұт айнып, 30 күн болады. Хұт кірген соң дәриялар астында балық қозғала бастайды», «Айдың алтыншы жаңасында гөрістанның аузы ашылады, 15-не Хызыр мен Ілияс қамшы саптар күн», «Деме болған құсқа қайрақты қышқа сүртіп, алқымына тамызады. Бұны да күніне орташа береді» деген жолдарды оқимыз. Әр салаға байланысты мұндай жолдар өте көп кездеседі.

Заман, дәуір өзгерген сайын тарих та, қоғам да, сана да, тіл де өзгеріп отырады. Тіл де өз кезеңіне ыңғайласып қалып тасады. Бұл жолдардың бүгінде бізге түсінік сіздеу болғанымен, ол замандағы баршаға ұғынықты әрі қалыпты болғаны күмәнсіз.

Ғұлама аспан әлемін терең зерттейді; жұлдыз бен адам өмірінің ішкі байланысына терең үңіледі; әрбір кісінің тағдырталайының туған күніне, айына, уақытына қатысты екендігін дәлелдейді. Кітапта аурулардың түрлеріне, оның себептеріне, емдеу тәсілдеріне кең орын берілген. Әсіресе, дию-перілерден жабысатын кінәрат жайлы, оны емдеудің амал-тәсілдері туралы жан-жақты айтылады. Еңбектен шипагерліктің, дауагерліктің көптеген түрле рімен танысамыз. Бірі – дуагерлік жолы, дуалау, дұғамен емдеу, дертті байлау, кө шіру, аластау. Екіншісі – риуаят тар, баяндар, қисса-хикаяттар. Дертті Шарифаттағы төрт пірге, Тарихаттағы төрт пірге, Мағрифат тағы төрт пірге, Хақиқаттағы төрт пірге, пайғам барымызға сиынып дұғамен байлау, көшіру, аластау амалдары да кең баяндалады.

«Жұлдызнамада» өмір, тағдыр, кәсіп, шаруашылық, тіршілік жайында айтылатын ереже, заң секілді ғажайып әңгімелер, баяндар мол: балаға ат қою баяны, шаш алдырмақ баяны, сақал тарамақ баяны, құлақ шыңылдау баяны, көз тарту баяны, тырнақ алмақ баяны, киім пішу баяны, көшу баяны, сапар баяны, жұлдыз баяны, қуат жайлы баян, тамыр ұстау баяны, саятшылық баяны, құс қасиетгісі қаршығаны ұстау, баптау баяны, мергеншілік баяны, қасапшылық баяны, т.с.с. Жеке-жеке тақырып болып берілген осы баяндардың бәрінде де кісінің күнделікті өміріне қажетті орындалуы міндетті бұлжымайтын ережелер айтылады. Адамзаттың тәжірибесінен туған бүгінгі тіршілікке керек риуаяттарды да, сан алуан аңыздар мен қиссаларды да осы кітаптан оқимыз. Өмір, тағдыр жайындағы болжамдар мен байламдар өте қызықты.

Бекасылдай ғұлама бабамыздан бізге жеткен асыл мұраның әлі де тылсымдары шешіліп, өзге де сырларының ашыла беретіндігінде күмән жоқ. Ол кісі тіршілігінде өзі текті білімпаздармен жиі жиі кездесіп, ой бөлісіп тұрған. Сексеннен асқан шағында Шәкәріммен де екі рет кездесіп, сырласқан екен. «Шәкәрім – теңіз, біз көл екенбіз, Шәкәрімі бар бақытты ел екенбіз» деп отырады екен жарықтық.

«Жұлдызнамадай» энциклопедиялық асыл мұраның табылуына, ашылуына, жарық көруіне, халқымыздың асыл кітабына айналуына зор үлес қосқан кісі Ержан – Исақұлов. Бекасылдан – Исақұл, Исақұлдан – Бекбау, Бекбаудан Ержан туады. Ержан – Бекасыл әулиенің шөбересі, саясат ғылымдарының докторы, генерал, кешегі Парламент Мәжілісінің депутаты, бүгінде әскери қызметкер, белгілі мемлекет қайраткері; қаны, жаны таза асыл азамат. «Текіден текті туады, тектілік тұқым қуады» деп бабасы айтқандай, бабасына тартып текті туған. «Сұңқардан сұңқар туады саңқылдаған, жақсыдан жақсы туады жарқылдаған» деп Сүйінбай атамыз айтқандай, Ержан – жаратылысы жақсы кісі. Оның бойында ұлы бабасы Төле биден келе жатқан көрегендік, даналық бар, өз атасы Бекасылдан жалғасқан тектілік, кісілік, парасаттылық, кішіпейілділік, мейірімділік, қайырымдылық бар. Қашанда бетегеден биік, жусаннан аласа болып жүргенін көресің. Тұла бойындағы тұнып тұрған әзілқалжыңы да өзіне жарасып тұрады.

«Жұлдызнама» «Күлтегін» баспасынан алғаш рет 2005 жылы шыққанда Ержан осы кітаптың екі мың данасын Қазақстанның кітапханаларына, қазақ зиялыларына, университеттеріне, қалғанын өзінің кіндік қаны тамған Қарасораға апарып елге таратты. Бабасының рухына арнап құран оқытып, ас берді. Төле би ауданындағы орта мектепке ғұламаның аты берілді. «Жұлдызнаманың» 2011 жылы толықтырылып қайта басылып шығуына да Ержан көп еңбек сіңірді. Сол тұстарда мен інімнің ізденгіштігіне, шын ғалым екендігіне, талмай зерттейтін қабілетіне тәнті болдым.

Ержан бабасы секілді, әкеден жастай жетім қалады. Қиыншылықты көріп өседі. Бірақ мойымайды. Көп оқиды, көп ізденеді. Талаптанады. «Талапты ерге нұр жауар» деп, сөйтіп, мақсатына жетеді. 1969 жылы орта мектепті үздік бітіріп, Алматыдағы Қазақ политехникалық институтына түсіп, 1974 жылы металлург маманы болып шығады. Өндірісте қызмет етеді. Сөйтіп, ұлттық қауіпсіздік саласына қызметке шақырылады. Минскіде арнайы әзірліктен өтеді. Шымкентте, Гурьевте, Алматыда жауапты қызметтер атқарып, Астана қаласы қауіпсіздік департаментінің басшысы қызметіне тағайындалады. Астананың қалыптасуына айтарлықтай еңбек сіңіреді. Бертінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары болып бекиді. Ержан Мәжіліс депутаты қызметінде абыроймен танылды. Бүгінде әскери қызметте. Қайда жүрсе де, қандай қызметті атқарса да, қандай міндет жүктесе де Ержан Бекбауұлы соның бәрін абыроймен атқарып келеді. Кісілік жолынан тайған емес. Ержан Исақұлов – мемлекетіміз тәуелсіздігінің қалыптасып орнығуына көп еңбек сіңірген қайраткер. Оған саясат ғылымдарының докторы атағын алып берген диссертациясы Қазақстандағы мемлекеттік қызметтің кадр саясаты туралы тұңғыш та толымды еңбек екенін атап айтып, қадап көрсеткіміз де келеді. Осы тақырыпта оқу құралдарын да шығарды.

Ержан інім – абыройлы отағасы, екі ұл, бір қыздың әкесі, немерелерінің сүйікті ата сы. Келініміз Ботаны да Алла өзіне сай қос қан, дастарқанды, ақ жарқын, аузын ашса көмейі көрінген ақ көңіл, аңқылдаған ашық адам.

Бұрынырақта Ержан подполковник атағын алдым деп бір қадірлі ағасын қонаққа шақырыпты. Әлгі ағасы: «Енді полковник атағын ал» деп батасын берсе керек. Сонда келініміз Бота:

– Ой, аға, полковникті былай да алып тұрмыз ғой, Ерекең генерал болмай бізге тыным болмайды, – деген екен.

Аузына Құдай салған шығар, Алла тілегін берген шығар, келініміз сөйтіп генералдың жұбайы болды. Кез келген қазақтың әйелінің күйеуі генерал емес, бұл-дағы келініміздің кіршіксіз көңіліне, ақ тілегіне Алланың бергені деп ойлаймын. Алла солай бергенінен жазбасын дейік.

Қазаққа «Жұлдызнамадай» асыл мұраны тауып берген, оны аудартып, кітап етіп бастырып, қалың елдің игілігіне айнал - дырған, сөйтіп, білім-ғылымға, таным-нанымға есепсіз еңбек сіңірген інім Ер жан Исақұловқа ұзақ ғұмыр, үлкен абырой, басының амандығын тілеймін. Ата-бабаларының аруағы қолдай берсін!

Ғұламаның бай кітапханасы да табылатын күн жақын болсын.

АСТАНА.